



Нүркен ӘБДІРОВ 19 жасында Оңтүстік-Батыс, майданға барып, ұшқыш-истребитель болады.

Майданда он алты рет ұшып шығып, жаудың он екі танкісін, жүк артқан және солдат тасыған жиырма сегіз автомашинасын, қару-жарақтиелген он сегіз ат-арбасын, үш дзотын, бір цистернасын және елу солдаты мен офицерін жойды. 1942 жылдың 19 декабрь күні Нүркен от-жалын орағансамолетін жаудың танк колоннасының дәл ортасына апарып түсіріп, атакты ұшқыш Николай Гастеллоның ерлігін қайталады.

1943 жылғы 31 мартта Нүркенге Совет Одағының Батыры атағы берілді.



Гвардия сержанты пулеметчик Мартбек МАМЫРАЕВ бір топ жауынгер жолдастарымен бораған оқтын астында Днепрден өтіп, өзеннің оң жақ қабағына барып бекінді. Айкас үш күн, үш түнге созылды. Жауынгерлер өздерінің ауыр жараланғанына қарамастан дұшпанды бір сүйем ілгері аттатпай, бекініп жатты.

Днепрден өтердегі осы сұрапыл айқаста ерлік жасағаны үшін Мартбек Совет Одағының Батыры атағын алды.

Мартбек Мамыраев қазір Бардин атындағы орталық ғылымзерттеу қара металлургия институтының қазақстандық филиалы директорының орынбасары.



Совет Одағының Батыры Николай Георгиевич ПОДСАДНИК Балкашта өсті. Ұлы Отан соғысы жылдарында летчик-истребитель болды. Югославия-Венгрия шекарасында жаудың бірнеше танкісі мен жаяу әскері күшін жойды.

Оспек қаласын азат етердегі асқанерлігі үшін Николай Георгиевич Подсадник Совет Одағының Батыры атағына ие болды.



Ұлы Отан соғысы жылдарында барлаушы болған Прокофий Прокофьевич КОРНИЕНКО қазір Тельман ауданында еңбек етіп жүр.

Қарағандылық барлаушы жігіт жау тылында әскери командованиенің талай қиын тапсырмаларын абыроймен орындап шықты.

Бірде ол жау полкінің штабы тұрған үйге кіріп, бірнеше неміс офицерлерін жайратты, ал полк командирін тірідей штабқа әкеліп тапсырды.

Барлаушы Корниенко содан кейін де талай ерлік жасады. 1943 жылғы 20 декабрьде оған Совет Одағының Батыры атағы берілді.

БАТЫР ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ

Старшина Федор Федорович ШИЛЯЕВТИҢ саперлар бөлімшесі 1944 жылдың 24 июніне қараған түнде Батыс Двина өзені бойындағы Шумилино деревнясында берік бекініп жатқан жау шебіне қарсы шабуылға шығуға тапсырма алды. Бұларға жаудың бір рота жаяу әскері мен бірнеше ауыр танктері қарсы шықты. Бірақ совет жауынгерлері саспады. Фашистер тақалған кезде оларды оқтың астына алды. Сол жерде көптеген фашист ажал құшты. Қалғандары кейін қаша жөнелді.

Келесі түні старшина Шиляевтың бөлімшесі Батыс Двина өзенін кешіп өтті. Мұнда старшина бір өзі жаудың он екі солдаты мен офицерін жайратты. Шиляев 1944 жылғы 22 июльде Совет Одағының Батыры атағын алды.

Ұлы Отан соғысын - жеңіспен аяқтағаннан кейін Федор Федорович Қарағандыға келіп, бейбіт еңбекке араласты.



Владимир Ефимович БРЕУСОВ Жетісуда туып өсті, 1942 жылы 17 жасында Қарағандыда фабрика-завод оқуын бітіріп, № 50-52 шахтада жұмыс істеді. Келесі жылы өзі сұранып майданға аттанды.

Орел, Белгород қалалары үшін айқаста пулеметші Бреусов үлкен ерлік көрсетті. 1943 жылдың 15 август күні Харьков түбіндегі ұрыста ол бір өзі жаудың отыз бес солдаты мен офицеріне ажал құштырды. Қасындағы он алты жолдасымен жаудың бір рота жаяу әскеріне төтеп берді.

Майданнан аман-есен қайтып оралған соң Владимир Ефимович Қазақтың мемлекеттік университетін бітірді. Қазір ол қазақтың Абай атындағы педагогика институтында саяси экономия кафедрасын меңгереді.

1943 жылғы 1 сентябрьде Бреусов Совет Одағының Батыры атағын алды.





Атқыштар батальонының командирі майор Федор Иванович УЛЬЯНИН 1944 жылғы 24 июньде Гомель облысының Близнецы деревнясы түбінде болған айқаста тамаша ерлік жасады. Оның батальоны түнде Друть өзенінен өтіп, жаудың екінші, үшінші траншеяларын басып алды.

26-ші июньде Ульянин бастаған батальон Дебиска өзенінен өтіп, Бобруйск қаласына тақалды. Стратегиялық үлкен маңызы бар осы қаланы азат етерде Ульяниннің батальоны жаудың 400 солдатты мен офицерін, 2500 автомашинасын, көптеген техникасын құртып жіберді.

Федор Иванович Ульянинге 1944 жылғы 23 августте Совет Одағының Батыры атағы берілді.



БАТЫР ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ

Қарағандылық батырлардың бірі-Қазбек НҰРЖАНОВ. Ақтоғай ауданынан.

Ел басына қиын-қыстау күн тұғанда Қазбек те майданға аттанды. Барлаушы болып, бірнеше рет штабқа жаудың маңызды документтері мен «тіл» ұстап әкелді.

Бір күні Нұржанов барлауға шыққанда жасырынып тұрған жаудың көп танкісін көрді. Сол күні бұл танкілердің көбі қаусатылды. Друть өзені жағасындағы Воновыск қаласы үшін болған ұрыста Қазбек бір өзі 8 фашисті өлтіріп, көптеген жау солдатты мен офицерін тұтқынға алды.

Ерлікпен қаза тапқан Қазбек Нұржановқа 1945 жылғы 24 мартта Совет Одағының Батыры атағы берілді.



Николай Илларионович КОЛБАСОВ майданға Жезқазғаннан аттанды. 1943 жылғы июньде Белгород бағытындағы ұрыстарда Колбасовтың взводы ерекше көзге түсті. 9 июнь күні жау сегіз рет шабуылға шықты, мұнысынан түк нәтиже шығара алмай, 65 автомашинасынан, артиллериялық екі батареясынан айрылды.

11 июнь күнгі айқаста жаудың екі жаяу әскер полкі, 150-дей танкісі шабуылға шықты. Колбасов тұрған шепке 17 танк беттеп келе жатты. Бірақ ержүрек артиллеристер бұған да төтеп берді.

1944 жылғы 22 февральда Н. И. Колбасов Совет Одағының батыры атанды.



Суреттерді салған Ю. Жуков.